

«БЕКІТЕМІН»

**«М. Тынышбаев ат. Астана
ALT көлік колледжі» ЖШС
директоры**

А.Жумадильдин
«___» _____ 2025 ж.

**«М. Тынышбаев атындағы Астана ALT көлік колледжі» ЖШС
2025-2026 оқу жылына қабылдау ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын «М.Тынышбаев атындағы Астана ALT көлік колледжі» ЖШС оқуға қабылдаудың ережесі (бұдан әрі — Ереже) 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына (бұдан әрі — Заң), Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 130 қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 12 мамырдағы №288 қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» 2012 жылғы 28 ақпандағы №264 қаулысына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Техникалық және кәсіптік білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» 2015 жылғы 14 сәуірдегі №200 бұйрығына негізделіп отырып оқуға қабылдаудың тәртібін белгілейді.

2. Колледжге негізгі орта (жалпы негізгі), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар қабылданады.

3. Колледжге оқуға түсу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» 2012 жылғы 28 ақпандағы №264 қаулысының, Заңның 26-бабының 8-тармағына сәйкес айқындалған тұлғаларды қабылдауға квота көзделген:

1) I және II топтардағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар - 10 пайыз;

2) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар – 0,5 пайыз;

3) ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін – 35 пайыз;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін – 4 пайыз;

5) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары үшін – 1 пайыз;

6) Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударатын ауыл жастары қатарындағы азаматтар үшін – 5 пайыз;

7) төрт және одан да көп кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар үшін – 5 пайыз;

8) кемінде үш жыл бойы толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардан шыққан балалар үшін – 1 пайыз;

9) бала кезінен мүгедектігі бар балаларды, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар үшін – 5 пайыз;

10) Қазақстан Республикасының шақыру бойынша белгіленген мерзімді әскери қызметін өткерген азаматтары үшін – 1 пайыз.

2. Құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру және түсу, емтихандарын өткізу

4. Оқуға өтініштерді қабылдау, әңгімелесу өткізу, білім алушылар қатарына қабылдау үшін 10 маусымнан кешіктірмей колледж басшысының бұйрығымен тақ санды мүшелерден тұратын қабылдау комиссиясы құрылады.

Колледждің қабылдау комиссиясының құрамына төраға, жауапты хатшы, жұмыс беруші, қоғамдық ұйымдардың өкілдері және қабылдау комиссиясының мүшелері кіреді.

Комиссия мүшелерінің ішінен жауапты хатшы және техникалық хатшылар тағайындалады. Қабылдау комиссиясының төрағасы – колледж директоры.

Қабылдау комиссиясы мен техникалық хатшылардың жұмысын ұйымдастыруды жауапты хатшы жүзеге асырады. Ол азаматтарды қабылдауды жүргізеді, қабылдауға қатысты азаматтардың жазбаша сұраныстарына жауап береді, ақпараттық материалдарды жариялауға дайындайды, әңгімелесулер мен емтихан алдындағы консультацияларды, арнайы және шығармашылық емтихандарды ұйымдастырады және олардың шифрлау және дешифрлау жұмыстарын жүргізеді.

5. Білім алушыларды оқуға қабылдау мақсатында өңірлерге шығумен байланысты қабылдау комиссияларының жұмысын ұйымдастыру мәселелері құрылтайшымен келісу арқылы шешіледі.

6. Қабылдау комиссиясының шешімі комиссия мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды деп есептеледі және қатысушылардың көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Хатшы қабылдау комиссиясының мүшесі болып саналмайды.

Қабылдау комиссиясының қорытынды отырысында аудио немесе бейнежазба жүргізіледі. Аудио немесе бейнежазба колледждің архивінде кемінде бір жыл сақталады.

7. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар болған кезде Колледждің қабылдау комиссиясының жұмысы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізіледі.

8. Колледжге мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау жеке тұлғалардың өтініштері негізінде, еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына сәйкес айқындалған Колледждің жобалық мүмкіндігін ескере отырып жүзеге асырылады. Аталған қағидалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13418 тіркелген) (бұдан әрі – №122 бұйрық).

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша орта буын мамандарын, қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша Колледжге оқуға қабылдау тұлғалардың өтініштері негізінде конкурстық негізде жүзеге асырылады.

9. Негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында ақылы негізде Колледжге оқуға қабылдау осы Қағидалар талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Колледжге оқуға тұлғалардың өтініштерін қабылдау мына мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша – 2025 жылғы 25 маусымнан 20 тамызға дейін;

2) орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу түріне мемлекеттік тапсырыс аясында:

– негізгі орта білім базасында – 2025 жылғы 25 маусымнан 20 тамызға дейін;

– жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында ақылы негізде – ағымдағы жылдың 25 маусымынан 20 тамызға дейін.

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін қызмет алушы Колледжге (бұдан әрі – қызмет көрсетуші) немесе «электрондық үкімет» веб-порталына (бұдан әрі – Портал) жүгінеді және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау жөніндегі үлгілік қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес құжаттар топтамасын ұсынады.

12. Құжаттар кәмелетке толған тұлғалармен жеке өзі, ал кәмелетке толмағандармен заңды өкілінің қатысуымен ұсынылады.

13. Қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын және нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесі Стандартта көрсетілген.

14. Қызмет көрсетушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді жүзеге асырады және өтініш келіп түскен күні қызмет алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат береді немесе егер қызмет алушы толық емес құжаттар топтамасын және (немесе) жарамдылық мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, құжаттарды қабылдаудан бас тартады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес қолхат береді.

15. Құжаттар Портал арқылы ұсынылған жағдайда, қызмет алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсету сұранысының қаралу мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

16. Қызмет көрсетушінің қызметкері өтініш келіп түскен күні оны тіркейді және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға жібереді. Егер өтініш жұмыс уақытынан кейін, демалыс немесе мереке күндері келіп түссе, онда ол Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күні тіркеледі.

17. Қызмет алушы толық емес құжаттар топтамасын және (немесе) жарамдылық мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, қызмет көрсетушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері өтінішті әрі қарай қараудан уәжді бас тартуды қағаз түрінде немесе Портал арқылы құжат тапсырылған жағдайда, қызмет алушының «жеке кабинетіне» қызмет көрсетушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат түрінде жібереді. Бұл Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Қызмет алушы толық құжаттар топтамасын ұсынған жағдайда, қызмет көрсетушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері құжаттардың колледжге қабылданғаны туралы хабарламаны қызмет алушыға жібереді. Бұл хабарлама жоғарыда аталған №578 бұйрықпен бекітілген Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес беріледі.

19. Қызмет көрсетуші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингі ақпараттық жүйесіне уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді. Бұл Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қызмет көрсетушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) қатысты шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызмет көрсетушінің басшысының атына немесе мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес, қызмет алушыдан қызмет көрсетушінің атына келіп түскен шағым ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен қызмет алушының шағымы тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

21. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесімен келіспеген жағдайда, қызмет алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

22. Түлектердің өтініштері Колледждің тіркеу журналында тіркеледі.

23. Түлектердің өтініштері «Ұлттық білім беру деректер қоры» (бұдан әрі – ҰБДҚ) ақпараттық жүйесіне енгізіледі.

24. Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін және орта буын мамандықтарына (жұмысшы біліктілігі бар) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар талапкерлермен әңгімелесу жүргізіледі. Қабылдау комиссиясы талапкермен тиісті бағыттар бойынша жекелей әңгімелесу жүргізеді, ұзақтығы 20 минуттан аспайды. Әңгімелесу сұрақтарының тізімі қабылдау комиссиясының төрағасы тарапынан бекітіледі.

25. Қауіпті індеттер, әлеуметтік, табиғи және техногендік төтенше жағдайларда әңгімелесу ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып өткізіледі.

26. Мемлекеттік тапсырыс бойынша білікті жұмысшы кадрларды даярлау үшін бөлінген орындар санына өтініш берушілер саны асса, оқуға қабылдау осы Ереженің 60-тармағына сәйкес орташа конкурстық балл және 2023 жылғы 15 тамыздағы Қазақстан Республикасы Білім министрінің №261 бұйрығына сай квоталық категория негізінде жүзеге асырылады.

27. Осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген квотаға жататын талапкерлердің құжаттары ТиППО ұйымының қабылдау комиссиясына жыл календарь бойынша 25 тамызға дейін ұсынылады.

28. Колледждің қабылдау комиссиясы 9-тармақта көрсетілгендей, жыл календарь бойынша 25 маусымнан бастап талапкерлер мен квотаға жататын тұлғалардың тізімін орташа конкурстық балл көрсетіліп колледждің сайтында жариялайды және күнделікті жаңартып отырады.

29. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды колледжге қабылдау медициналық-әлеуметтік сараптама (медициналық анықтама) ұсыныстары мен қарсы көрсетілімдерін ескере отырып, мамандықтар мен біліктіліктер бойынша жүзеге асырылады.

30. Конкурста қатысу үшін негізгі орта білім негізінде оқуға түсуге өтініш беру жыл календарь бойынша 18 тамызға дейін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, колледжден кейінгі білім негізінде – 20 тамызға дейін осы Ереженің 12-тармағына сәйкес қабылданады.

31. Өтініш берген кезде конкурстық қатысушылар жергілікті атқарушы органдар, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың бекіткен төрт мамандықты және біліктілікті (қажет болған жағдайда), мемлекеттік тапсырыс бойынша кадрлар даярлауды орналастыру жөніндегі комиссия бекіткен ТиППО ұйымдарының төрт бірлігін, оқу тілін (қазақша, орысша, ағылшынша), білім деңгейін таңдайды.

32. ТиППО ұйымдары осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген және өтініш берген тұлғаларды мамандық пен біліктілік көрсетіліп, НОБД ақпараттық жүйесіне 26 тамызға дейін тіркейді.

33. Конкурс НОБД ақпараттық жүйесі арқылы (білім, ғылым, мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті орган құзыретіндегі ТиППО ұйымдары ерекшелік ретінде) орташа конкурс баллы бойынша автоматтандырылған түрде өткізіледі. Педагогикалық, медициналық мамандықтарға, шығармашылық дайындығын талап ететін мамандықтарға қабылдау үшін конкурс орташа балл бойынша (оқу құжатына сәйкес міндетті және профильдік пәндердің бағалары бойынша), сондай-ақ арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар нәтижелері ескеріліп, квота қабылдау шарттарын қоса отырып жүзеге асырылады.

34. Абитуриенттерді автоматтандырылған бөлу НОБД ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі.

35. Негізгі орта білім негізінде мемлекеттік тапсырыс бойынша конкурс 19-22 тамыз аралығында, ақылы негізде – жалпы орта білім негізінде 26-28 тамыз аралығында, ТиППО базасында 22-25 тамыз аралығында, ақылы негізде 26-28 тамыз аралығында өткізіледі.

36. Техникалық және кәсіптік, орта жоғары білім беру бағдарламалары бойынша мамандықтарға арналған профильдік пәндер тізімі осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес анықталады.

37. Орташа конкурс баллы (ОКБ) пәндер/дисциплиналар бойынша бағалардың, арнайы және/немесе шығармашылық емтихандардың қосындысының орташа арифметикалық мәні ретінде есептеледі, ол осы Ереженің 4 және 5-қосымшаларына сәйкес жалпы бағалар санына бөлінеді.

38. Бағалардың орташа баллы мынадай түрде қалыптасады:

- Негізгі орта білім негізінде (9 сынып) оқуға түсушілер үшін — үш пәннен: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі) және мамандық профиліне сәйкес екі пән:

$$ОКБ = (МП1/МД1 + ПП1/ПД1 + ПП2/ПД2) / БС,$$

мұндағы МП1/МД1 — міндетті пән/пән 1 бағасы;

ПП1/ПД1 — бірінші профильдік пән/пән 1 бағасы;

ПП2/ПД2 — екінші профильдік пән/пән 2 бағасы;

БС — бағалар саны;

- Жалпы орта білім және ТиППО базасында оқуға түсушілер үшін — төрт пәннен: міндетті пәндер (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық профиліне сәйкес екі пән:

$$ОКБ = (МП1/МД1 + МП2/МД2 + ПП1/ПД1 + ПП2/ПД2) / БС,$$

мұндағы МП1/МД1 — міндетті пән/дисциплина 1 бағасы;

МП2/МД2 — міндетті пән/дисциплина 2 бағасы;

ПП1/ПД1 — бірінші профильдік пән/дисциплина 1 бағасы;

39. Мемлекеттік тапсырыс бойынша бөлінбеген орындар болған жағдайда, мамандықтар бойынша топтардың толық құрылмауы (өнер және мәдениет, денсаулық сақтау мамандықтарын қоспағанда, кемінде 15 адам болуы керек) және қамтылмаған үміткерлер болған жағдайда мемлекеттік тапсырысты мамандықтар мен ТиППО ұйымдары арасында 29 тамызға дейін №381 бұйрығына сәйкес қайта бөлу жүргізіледі.

НОВД ақпараттық жүйесі автоматтандырылған бөлу арқылы үміткерлерді ТиППО ұйымдарына қабылдау нәтижелерін білім басқармаларына жібереді:

- білікті жұмысшы кадрларды даярлау бағдарламалары бойынша ТиППО ұйымдарында оқуға арналған сұхбаттан сәтті өткен тұлғалардың тізімі;
- кәсіпорындардың өтінімдері және арнайы оқу бағдарламалары бойынша кадрларды даярлау үшін сұхбаттан сәтті өткен тұлғалардың тізімі;
- орта деңгей мамандықтары мен қолданбалы бакалавр мамандығы бойынша конкурсқа қатысқан тұлғалардың тізімі.

40. Орташа конкурс баллы тең болған жағдайда білім туралы құжаттың орташа бағасы және квоталық категория №261 бұйрығына сәйкес ескеріледі.

41. Орта деңгей мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлау бағдарламалары бойынша техникалық және кәсіптік, орта кәсіби білім беру бағдарламаларына қабылдау ТиППО ұйымының қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасына негізделген ұйым басшысының бұйрығымен жүргізіледі:

- 1) күндізгі оқу формасы бойынша – календарлық жылдың 31 тамызына дейін;
- 2) сырттай оқу формасы бойынша – календарлық жылдың 30 қыркүйегіне дейін.

42. Білікті жұмысшы кадрларды даярлау бағдарламалары бойынша техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларына қабылдау:

- 1) күндізгі оқу формасы бойынша – сұхбат нәтижелері бойынша 31 тамызға дейін;
- 2) кешкі оқу формасы бойынша – негізгі орта немесе жалпы орта білім туралы құжаттарда көрсетілген профильдік пәндердің бағалары мен сұхбат нәтижелерін ескере отырып, іріктеу негізінде 30 қыркүйекке дейін.

43. Орта деңгей мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлау бағдарламаларының күндізгі оқу формасына түскендерге қабылдау нәтижелері туралы ақпарат 31 тамызға дейін, білікті жұмысшы кадрларды даярлау бағдарламаларына түскендерге – 31 тамызға дейін, кешкі және сырттай оқу формаларына – 30 қыркүйекке дейін қабылдау комиссиялары арқылы ақпараттық стендтерде немесе ТиППО ұйымдарының интернет-ресурстарында жарияланады.